

Бекітемін: *Ақсау*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«Асыл қазынам-ардақты қарттар»

(Ортаңғы «Толағай» тобының Қарттар күніне арналған
мерекелік іс-шара)



Тәрбиешілер: Әміреева Алтын
Байбақова Жайнагүл

Таушық, 2025 ж

Тақырыбы: «Асыл қазынам-ардақты қарттар»

Мақсаты: Балаларды үлкенді сыйлауға, ата-әжелерді құрметтеуге тәрбиелеу.

(Әуен ойнайды. Балалар қолдарына шар ұстап сахнаға шығады.)

Жүргізуші: Мерекелеріңіз құтты болсын ата -әже!

Көкіректен жыр төгілмей жата ма!

Зейнетіне жеттіңіздер өмірдің,

Кенеліп бір ілтипатты батаға.

Қадірлі ата – әжелер бүгінгі «Асыл қазынам-ардақты қарттар» атты 1 қазан қарттар мерекесіне арналған мерекелік шарамызға қош келдіңіздер. Біз сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келесіздер. Бүгінгі салтанатты мерекелеріңізбен құттықтауға балабақша меңгерушісі Қадірлі қонақтар, ардақты ата-әжелер!

Сіздерді 1-қазан – Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – өмірдің сан қилы соқпағынан өтіп, бізге өнеге болып отырған қымбатты қарттарымызға деген құрмет пен ризашылықтың мерекесі. Сіздердің ақыл-кеңестеріңіз, өмірлік тәжірибелеріңіз біз үшін сарқылмас қазына. Балабақша ұжымы атынан сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бала-шағаның, немере-шөбере сүйіп отырған бақытты шақтарыңыз мол болсын деп тілеймін. Әр күніңіз шаттыққа толы болып, ортамызда аман-есен жүре беріңіздер! Біз әрқашан сіздерді ардақтап, құрметтеуді өзімізге парыз санаймыз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Құрметті ата-әжелер, бүгінгі сіздердің күндеріңіз, сіздердің мерекелеріңіз, сондықтан бүгінгі ән де, би, тақпақтарда сіздерге арналады. Қарсы алайық ендеше, МАД тобының кішкентай әнші бүлдіршіндерін «Ата-әже» әнімен.

«Алтын сақа» тобы, хор «Ата-әже»

Атам менен әжемді,

Сыйлап өтем әрдайым.

Қадір тұтар қазынам,

Қарттарым асыл қазынам.

Олай болса ортамызға «Ер Төстік» тобының биші жігіттер мен қыздарын ата-әже биімен қарсы алайық.

«Ер Төстік» тобы, Би «Ата-әже»

(Айару, Еркеназ, Нұржан, Ерасыл, Карим, Бекбол, Асылым)

Ендеше, мерекемізді керемет көңіл күймен әр мен қарай жалғастырып,
балалардың ата-әжелеріне жүректерінен шыққан тақпақтарына берейік.

Тақпақтар:

Дария: Ата- бәйтерек,

Бала-жапырақ.

Ділдә: Мен әжемді сүйемін.

Киімімді өзім киемін.

Ақылына көнемін.

Өлең айтып беремін.

Айдария:

Атам келсе қуанам,

Жылап тұрсам жұбанам,

Менің асыл атамды.

Сыйлайды ғой бар адам.

Аяла: Ақылдысыз данасыз,

Сізден үлгі аламыз.

Үлкен болып өскенде,

Ата сіздей боламыз.

Сәлсәбил: Әжем менің алтын-ай.

Әңгімесі таусылмай,

Ертегісін тыңдаймын.

Әлдиімен ұйықтаймын.

Аделя: Әжем менің ақ әжем,

Ақыл білім үйреткен,

Аппақ әжем жан әжем,

Тербететін мейіріммен.

Жүргізуші: Асыл әжем, мақтанышым менің де

Қонақ болып отыр міне төрімде.

Өзіңе арнап былайт әтті үніммен

Ән салатын кезім келді менің де.

Бүлдіршіндеріміздің орындауында «Толағай» тобының кішкентай
жұлдыздарын «Ата-әже» әнімен қабылалыңыздар.

«Толағай» тобы, ән Ата-әже

Қысылып еш саспаңдар

Кәнекикөріністібастандар

Ата – әжелердің көңілін.

Бір көтеріп тастаңдар. Қазір ортамызға шығатын кішкентай әртістерді
күлкілі қойылыммен ду қол шапалақпен қарсы алайық.

«Ер Төстік» тобы Көрініс

(Олжас-ата, Фатима-әже, Немерелер-Сәлсәбил, Айдария, Дария, Аделя, Ділдә)

Келесі кезекті ата-әжесін мерекесімен құттықтағысы келіп, тақпағын алып келген бүлдіршіндірге берейік. Қарсы алыңыздар!

Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақтаяққасүйеніп,
Аман – есен жүрәжем.

Әже туралы әнімен әжелеріне әдемі ән арнауға «Ер Төстік» тобының сұлу қыздарын ортаға «Менің әжем дара» әнімен қарсы аламыз.

«Ер Төстік», Ән «Менің әжем дара»

Гүл – гүлжайнап бәріміз
Кірді біздің сәніміз
Қарттарымызды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз.

Керемет кешімізді әдемі бір оркестрмен аяқтағымыз келіп тұр. Ендеше «Алтын сақа» тобының өнерлері бойына тұнған кішкентай өнерпаздарымызды ортаға шақырамыз. Қарсы алайық.

Оркестр

Иа, бүгінгі мереке ерекше, осындай қарияларымыз алдымызда отырса біз олардың даналығын естіп, ақылын естіп отырған бақыттымыз. Құрметті ата-әжелер алтын уақыттарыңызды бөліп, сіздерге зор денсаулық тілеміз. Осындай немере, шөберелеріңіздің қызығына тоймай жере беріңіздер. Мерекелік шараны аяқтай отыра «Батамен ел көгерер, жаңбыр менен жер көгерер» демекші ата - әжелер бата, ізгіниет – тілектеріңіз болса, сөз кезегін өздеріңізге береміз.



